

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ МЕН ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРАЛАРДЫҒА ИЗВЕСТИЯ

МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Серия
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

4.2001



М. КУШТАЕВА

ТАРЫ АТАУЫМЕН КЕЛГЕН ТҰРАҚТЫ СӨЗ ОРАМДАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қай халықтың болмасын оның шаруашылығы мен мәдениетінің қалыптасуында өзіндік ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер белгілі бір заңдылықтарға сүйене отырып айқындалады. Мысалы, белгілі бір кәсіптің саласы диқаншылық пен малшылықтың қатар жүруі – жағрафиялық ортаның өзінен келіп шығатын заңдылық. Адамдардың іс-әрекеті нәтижесінде шаруашылықтың сан салалы кәсіптік түрлері қалыптасып, оның қорытындысы шаруашылықтың типтік түрлерін құрады.

Шаруашылықтың мәдени типінің қайсысы болмасын, бір текті этникалық нысандарды бойына жинайды. Мұның өзінен этникалық-даралық айқындалып, әр түрлі мәдени айғақтар сараланады.

Этнос табиғи ортаны игере отырып, өзінің мәдениетін, басқаша айтқанда, күй-жайының тұтас дүниесі болған дәстүрлі мәдениетті жасаған [1]. Этнос пен табиғи орта қатынасында жасалған мәдениетке сол этностың еңбегі мен ақыл-ойы сіңіріледі. Сондықтан да жасалған немесе дүниеге келген белгілер этностың өзінің “әлеуметтік жаны” болып қызмет етеді. Өнімдердің әрбірінде этностың табиғи, рухани, әлеуметтік жиынтығы, қолтаңбасы айқын көрініп тұрады. Яғни этнос өзі жасаған дүниесінен өзін көріп, өзін таниды.

Сонымен қатар, белгілі бір халық басқа этностар (халықтар) қоршаған ортаға ұқсас болуы мүмкін. Бірақ ешқашан онымен дәлме-дәл бірдей бола алмайды. Этникалық ортаның өзгешеліктері және жағрафиялық, шаруашылық ерекшеліктері сол халықтардың басқа этностардан этнопсихологиялық айырмашылығына әкеледі.

Қазақтардың тарихи қалыптасқан өз алдына дәстүрлі шаруашылық кәсібі – мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығы болғаны тарихтан белгілі. Осы шаруашылықтармен айналысу, осыларға сай еңбек тәжірибесін, әдет-салтын, мінез-құлқын, қалыптастырып бір сөзбен айтқанда, рухани келбеті сол негізгі кәсібінен туындайды. Ата-бабаларымыз жер жамылғысының бай қорын ерте кезден танып, әрбір өсімдіктің адам мен малға жұғымдылығы мен зияндылығын ажырата білген. Халық табиғи ортаны игере отырып, өзінің дәстүрлі мәдениетін қалыптастырған. Көшпелілер қоғамының құрылымы да өз ішінде бір-бірінен ерекшелене отырып, өзін-өзі дәнді дақылдармен қамтамасыз ететін отырықшылықпен байланысты шаруашылық құрады.

Біздің заманымызға дейінгі II мыңжылдықтан бастап, III мыңжылдық арасында Еуразия Ұлы даласы қазіргі қалпын, табиғи бітімін қалыптастырып үлгерді. Сол даланың төсіндегі адамдар да бұрынғыдай табиғаттың “дайын” азығын тұтынудан гөрі, қолға мал ұстап, жерге дән екен [2].

Сонымен мал жағдайына байланысты көшіп-қонып жүрген қазақ қауымы сол өлкедегі өсімдіктердің жалпы қасиеттерін, өсіп өнетін жер бедерін жақсы біліп, азыққа жарамды түрлерінің тұқымын дәстүрлі егінге айналдыру жолдарын да игереді. Сондай алғаш дәстүрге айналған дақылдың бірі — тары.

Тары Қазақстан жерінде ерте кезден бастап өсіріліп келе жатқанына және халқымыздың мәдени дақылдар ішінде қолданылуы жағынан ең маңызды орын алатыны да, тұрмыстық ерекшеліктеріне ыңғайлысы да тары болғанына кейбір деректер дәлел бола алады. Қазақ халқының өткен өмір тарихына зер салып, зерттеген тарихшы С. Г. Кляшторный: “Отдельные сообщения источников говорят о том, что казахи занимались земледелием. ... в основном выращивали проса. О традиционности этой культуры в хозяйстве кочевников Дешт-и Кипчаки свидетельствуют следующие сообщения источников. Ал-Омари: “Посевов у них мало и меньше всего пшеницы и ячменя. Чаще всего встречаются у них посевы проса; им они питаются», - деп көрсетеді. Сонымен бірге қазақ халқының аталмыш дақылмен айналысқаны туралы зерттеуші А. Левшин: “Дешті көшпелілер ұзақ сапарға шығарда тары дақылынан жасалған ұн алады. Қазақтардың негізгі сенімді егісі—тары. Жақсы егістен бір масақта 50-60 дән алған”, — дейді. Қазақ топырағында тары дақылын егу неолит дәуірінен басталғанын айғақтайтын тағы басқа да зерттеулер баршылық [3].

Бірақ біздің мақсатымыз халықтың өткен өміріне деректемелер арқылы саяхат жасап, кім немен айналысты, қалай күн көрді деген сауал қою емес. Этностың (халықтың) салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі, күн-көрісі жағдайын сипаттайтын “тілі” және олардың тілге әсері. Ә. Қайдар “Жалпы адам баласы, жеке ұлттар мен ұлыстар жер бетінде қанша жасамасын, оның тілсіз көрген күні — тұл”, — деп көрсеткендей, ұлт пен халықтың бір немесе бірнеше тілде қарым-қатынас, әсер етуші құралы ғана емес, сонымен қатар ол — әрбір адамның ұлттық рухани көзі, өмірлік азығы ретінде ұлттық қасиетін сақтап қалуында. Әрбір халықтың ой-өрісін, сезім-түйсігін, дүниетанымы мен болмыс-тіршілігін танытатын - оның тілі.

Тіл — ата-бабаларымыздан мұра болып қалған мәдениеттің құрамды бір бөлігі, мәдениетті меңгеруде қажетті негізгі құралдың бірі. Егер біз күнкөріс, білім т.б. ұғымдар жайында білгіміз келсе, тілді басты танымдық амал ретінде аламыз.

Адамзат баласының даму тарихы этностардың тілі мен мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерінің болуына ықпал етеді. Кез келген ұлттың тілінің өзіне тән белгілері бар. Олар халықтық менталитетімен байланысты болады. Ол рухани өмір мен ұлттық менталитеттің көрінісі, ұлттық сана-сезім мен ұлттық ұғымдармен ұштасады. Ұлттық тілге мәдениет пен менталитеттің әсер етуін қарастыратын саланы — “лингвомәдениеттану” деп жүр [4].

Әрине, бұл сала (лингвомәдениеттану) мәдени факторды қарастырығанда этнография, этнолингвистика, психология, лингвоелтану сияқты ғылым салаларымен байланысты. Бұл ғылым салаларының тоғысар жері — адам және оның іс-әрекеті, ұлттық болмысы мен тілі.

Ата-бабаларымыздың ата кәсібiнiң бiрi болған, тiршiлiк кәзi тары дақылына қатысты сөздер мен сөз тiркестерiнiң ұлт тiлiнде сақталуы оның мәдени өмiрiнен хабардар етедi. Тiл ғылымы бұл секiлдi тiлдiк материалды таза тiлдiк тұрғыдан ғана қарастырып келдi. Тары атауы тәңiрегiнде қолданылатын сөздер мен сөз тiркестерiнiң танымдық қасиетiн ғана сөз етiп қоймай, оның эстетикалық, яғни тәрбиелiк қасиетiне көңiл аударылмақ. Ол қасиет тiлдiк элементтердiң астарында, сол тiлдiң иесi болып табылатын халықтың ұғым-түсiнiгiнде, дүниетанымында. Бұл әсiресе тұрақты тiркестердiң бiр сыңары тары сөзi болып келетiн тiркестерден байқалады.

Ұлтқа ғана тән ұғымды бейнелейтiн мәдени коннотация туралы В. Н. Телия: “Культурная коннотация — это в самом общем виде интерпретация денотативного или образно мотивированного, квазиденотативного, аспектов значения в категориях культуры. Применительно к единицам фразеологического состава как знаком вторичной номинации, характерной чертой которых является образно-ситуативная мотивированность, которая напрямую связана с мировидением народа — носителя языка, средоточие культурной коннотации, ее основным нервом является это образное основание” [5].

Тары — жылу сүйгiш құрғақшылыққа төзiмдi өсiмдiк. Жазда тез пiседi, күтiм талғамайды, өнiмi мол. Сондықтан, көшпелi көне түркi тайпаларына тары себу жеңiл де тиiмдi кәсiп болды.

Көнетүркi тiлдерiнде жалпы егiншiлiкпен шұғылданатын адамдар тобын “тарықшылар” деп атауы да осыдан. “Тары” сөзi түркi тiлдерiнде (tari, tariglig, tarig, taru, tari, tarim, tarikli түрiнде) “дақыл, егiс, астық” мағынасында қолданылады [6].

Қазiр тiлiмiзде **тары** сөзiнiң мағынасы тарылып, бұрынғы кең мағынасының бiрнеше мәнi қолданыстан қалған. Мысалы, көнетүркi тiлдерiнде “tarig burgaklandi”, “tarig ekti” т.б. тiркестерде тары “егiн”, “астық” мағынасында қолданған. Қазiргi кезде **тары** тек егiннiң көптеген түрiнiң бiрiнiң ғана атауы ретiнде қолданылады.

Бәрiмiз жақсы бiлетiн ауылшаруашылық дақылдың бiрi, ұсақ дақыл және азық ретiнде қолданылатын “сөк”, ұлттық тағамның бiрi, келiге салып түйiлген сары сөк “тары” ұғымына жатады. Ал ендi осы негiзгi мағынаның тұрақты тiркес сыңарының бiрi болып, қандай мағыналық ренде жұмсалады деген мәселеге тоқталайық.

“Тарыдай мiн”, “тарыдай түйiр”, “тарыдай мең”, “таудай сөздiң тарыдай түйiнi бар” тұрақты тiркестердегi **тары** сөзi келтiрiндi мағынада қолданылып тұр.

Тары дақылы басқа дәндi дақылдарға қарағанда ұсақ, көлемi өте кiшкене келген. Тарының сыртқы пiшiнi кiшкене болғанымен, оның құндылығы өте жоғары. Дақылдың сыртқы және iшкi ерекшелiгiн уәж ету арқылы тiлiмiзде бiрнеше тұрақты тiркестер қалыптасқан. Әрине, бiр қарағанда бидайға, күрiшке, арпаға теңедiң не бәрi бiр секiлдi. Образдар жүйесi мен сөз бейнелеу тәсiлдерi — ұлттық ерекшелiктiң ең басты көрсеткiшi. Теңеу — көркем ойлаудың ұлттық ерекшелiктерi жинақталған, дүниетанымның ұлттық ерекшелiктерi бас қосқан категориялардың бiрi [7]. “Жамандауға тал бойынан тарыдай мiн таба алмай, байлығынан

және кемдік таба алмай “кесерлі екенсің” деп Төлегеннің айтқан жауа-
тұрақты теңеу “адам бойынан шамалы болса (тарының түйіндеріндей)
да кемшілік таба алмау, адамдық қасиеті бар, ары мен жаны таза” мағы-
насында жұмсалып тұр.

Тарының сыртқы пішініне теңеу арқылы, адамның жағымды қасиетін
танытады.

Ал “тарыдай түйір”, “таудай сөздің тарыдай түйіні бар” деген тұрақты
тіркестердегі тары сөзінің семантикалық құрылымын былайша көрсету-
ге болады:

- 1) белгілі бір тәжірибенің қорытындысы;
- 2) істің өзегі, негізі, тоқ етері;
- 3) тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні;
- 4) адамның ақыл-ойы.

Мысалы, “тарыдай түйірі жоқ” немесе “тарыдай түйірі бар” дегенде
“тарының түйіріндей болса да ақылы бар” деген фразеологиялық мағы-
наны түсінеміз.

Бұл тұрақты тіркестерге тарымен байланысты сөзінің тілдік емес мы-
надай факторлары негіз болды: тары дақылының құрғақшылыққа төзімді,
басқа дәнді дақылдарға қарағанда күтімді көп қажет етпейтіндігі, сөйте
тұра өнімді басқалардан (арпа, бидай, күріш т.б.) гөрі әлдеқайда мол
беретіндігі, бір масағында мың дәнге дейін болатындығы, оның құра-
мында бірнеше биологиялық қажетті элементтердің барлығы, яғни құнар-
лылығы т. б.

“Тары көрген тауықтай”, “тарысы бардың тауығы бар”, “тауықтың
түсіне тары кіреді”, “кімнің тарысы піссе, оның тауығы” тұрақты
тіркестердегі тары сөзінің мағыналық құрылымын бірнеше семаға бөлу-
ге болады. Тары мал азығы үшін де пайдалы. Бірақ қанша жесе де то-
йымдылығы шектелмейтін үй құстарының бірі — тауық. “Тарысы бардың
тауығы бар”, “кімнің тарысы піссе, соның тауығы” деген тұрақты
тіркестерде тары “байлық, билік” және “біткен іс, дайын ас” дегенді
білдіреді. Ал “тауық” сөзі “біреудің арқасында күн көретін, ас ішіп аяқ
босатар” жалқау, жағымсыз адамның образында қолданылып тұр.

Бұл тіркестердің тұтастай ұғымдық сипатына үңілсек, “құлқынның
құлы болу” дегенді түсінеміз. Осы ұғымның өз ішін сараласақ бірнеше
семаға бөлінеді:

- 1) жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүру;
- 2) біреу арқасында, біреу күн көру;
- 3) өмірде өздігінен тіршілік жасамау;
- 4) дайын күн-көріс етіп, еңбек етпеу.

Алайда, “тары” сөзін тірек ету арқылы бірнеше имплицитті (астар-
лы) мағынаны білдіреді.

Сонымен қатар “тарыны таныған тауық”, “тары көрген тауықтай”
тұрақты тіркестерінде тары сөзі “бұрыннан көрген-білгені бір нәрсе”,
“бір бағыт” мағынасында қызмет атқарады. Бұл тұрақты тіркестер сема-
лық қолданыс аясында бірнеше астарлы мағыналарға бөлшектенеді.

| Тарыны таныған тауық | Тары көрген тауықтай |
|--|---|
| 1) Көрген-білгені шамалы; 2) Білгені аз <i>Бұл ойды түсініп отырмын, бірақ тарыны таныған тауық дегендей ой өте жеңіл.</i> | 1) Тойымсыздану 2) Жанталасу 3) Шыдамсыздану <i>Қой көздері тары көрген тауықтай жеп барады</i> |

“Әрине бағанағы күндізгідей емес, терісі тарылып, тары қауызына сыйғандай” (Ә.Нұрпейісов), “Міне, шіркін тарының қауызындай тар пәтерге әкетіп, Рысқұловтың бұрынғы әйелі мен соңғы әйелін түйістірді (Мұртаза Ш. Тамұқ. А., 1994. 2-б.)” деген сөйлемдердегі “тарының қауызына сыйғандай”, “тарының қауызындай тарылу” фразеологизмдерінен кең дүниенің тарының қауызындай ғана болып тарылғанын, соған сай адам жағдайының қиындай, күрделене түскенін аңғарамыз. Тары толық піскен кезде сыртқы қауызы жарылып, қауыс күнге кеуіп, құрғақтанады да кішірейеді. Қатты желде өз арнасындағы дөңді ұстап тұра алмайды. Әрі тары дақылдың сыртқы қабығы адамның жеті қабат терісі сияқты бірнеше қабықтан тұрады (Масақ - қауыз - кебек). Қауыз — жерден өніп, пісіп тұрған тарының қабығы және оның іші қуыс, жұқа, әрі нәзік болады. Ал кебек — тарыны ішкі сөк немесе сары сөк ретінде қуырғандағы сыртқы қабығы. Бұл тұрақты тіркестер тары қауызының осындай ерекшелігі негізінде қалыптасқан.

Өнім беру ерекшелігіне байланысты тарыны бірнеше түрлерге, сорттарға бөледі. Өнімі мол, ірі дөңді, піскен кезде масағынан тез ажырайтын, таза түрі — *ақ тары*.

Ақ тарыдай ақтарылып,

Шешіл жаздың белімді, — (Батырлар жыры)

деген мысалдағы “*ақ тарыдай ақтарылу*” тұрақты теңеуі “көрген білгенін айту”, “бір көргеннен сырын ашу”, “жала-жапсары жоқ, тек шындықты айту”, “ішкі сырын ашу” сияқты ішкі келтірінді мағынасымен қатар “ақ көңіл, ашық, сыр жасырмау” деген тұтас ұғымды түсінеміз.

“*Тасқа түскен тарыдай*”, “*тарыдай шашылды*” тұрақты тіркестері тары топ етіп бір жерге түсе қалмай, әрі ұсақ, әрі домалақ болғандықтан, бытырап тарап кететіндігін уәж ете отырып, осы тары сияқты жан-жаққа шашырап, көбінесе, хабарсыз кеткен туыстар жайлы айтылатын көріністер.

Бұл тіркесті де бірнеше семаға бөлуге болады:

1) ауызбіршілігі аз, әркім әр жерге өз бетімен кету;

2) олақтық, қобырап жүру;

3) бір түйінге келмеу (ойы тарыдай шашылды).

“*Торғай қаққан тарыдай*” (Шешек басына торғай қаққан тарыдай қырғын алған бір жылы ел қамы үшін күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айрылған шипагер жар құлағы жастыққа тимей, тәжірибеден тәжірибені жасап жүріп, ақыры шешек суын табар (Тілеуқабакұлы Д. Шипагерлік баян.

А., 1996. 26-б.). Тарының пісейін деп гүлін төгіп бас тартқан – көк сағал лады, сол сияқты жолындағыны сыпырып-сыйырып отыратындардан алдын ала қорғанбаса, ел ішінде (белгілі бір жерде) ешнәрсе қалмауы мүмкін. “Торғай қаққан тарыдай” көрініс тары сөзінің образды, бейнелі мағынасы. Бұл теңеудің астарлы мағынасы “көзіне түскенді жоқ қылу” дегенді білдіреді.

Сонымен қатар тары мен талқаннан нәрлі тағам жасай білген халқымыз тарының тағамдық қасиетіне, пісіп-жетілуіне, тұрмысқа пайдаланылуына, жалпы ерекшелігін тани білген. Осындай ерекше қасиетіне байланысты тілімізде бірнеше тұрақты тіркестер қалыптасқан. Тарының тағамдық құндылығын, құнарлылығын бағалай білген, өмірден көрген-білгендерін астарлы оймен теңестіре білген халық тілінде тары сөзіне қатысты бірнеше мақал-мәтелдер де бар.

Мысалы:

- 1) *Тарыға май көптік қылмайды.*
- 2) *Кеспе көже күн батқанша,
Бидай көже ел жатқанша,
Тары көже таң атқанша.*
- 3) *Тары жеген - тарықпас.*
- 4) *Тарысы бардың тоқашы бар
Құрт-майы бардың рахаты бар.*
- 5) *Тарылы елге барсаң, жарма дерсің
Балықты елге барсаң, қарма жерсің т.б.*

Әрине, бұл тұрақты тіркестерде тарының тағамдық ерекшелігін, қасиетін айта отырып, өмірге түйін түйіп, астарлы ой тастайды. Мысалы, *тары жеген тарықпас*, “*тарысы бардың тоқашы бар, құрт-майы бардың рахаты бар*” тұрақты тіркестерде тары күнкөріс, тіршілік көзі болатын барлық қасиетін “білім, ғылым” ұғымымен теңестіре отырып, “білімі мол, көргені бар адам өмірде өз орнын табады” деген ой түйеді.

Шымшықтан қорыққан тары екпес тұрақты тіркесіндегі тары сөзінің мағыналық аясы “батыр” сөзімен бара-бар. “Тышқаннан қорыққан батыр болмас” тұрақты тіркесімен мағыналық байланысты болып, “тәуекелге бару” ұғымында қолданылып тұр.

Бүкіл халықтың “талқысына” түсіп, талғамын өтеген, сан ұрпақтың іріктеп-сұрыптауынан өткен тұрақты сөз орамдары тақырыптық жағынан сараланғанмен, сол сөз орамдарының ішкі аясында, бірнеше астарлы мән-мағына барына көз жеткізе бермейміз. Мәселе тақырып тек тарыға қатысты ғана емес, сол тары сөзі арқылы берілген тұрақты сөз тіркестерінде халықтық дүниетанымы, ой-өрісі, өмір түйіндісі жатыр. Келелі ой, кең мазмұнды сөз орамдарының астарында халықтың өмірден түйген терең мағыналы пайымдауы жатады.

Тіл – тек заттың, ұғымның аты ғана емес, ол – халықтың белгілі бір тарихи кезеңіндегі таным-түйіні, өмір салты. Тіл арқылы белгілі бір этнос дүниетанымымен, эстетикалық мұратын, адамгершілік, мәдени нормаларын қалыптастырады. Ол өмір тіршілігін (тәжірибесін) жинақтайды, қорытындылап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Чистов К. В. Этническая общность, этническое сознание и некоторые проблемы духовной культуры // Советская этнография. 1972. С.75-85.
2. Таракты А. Көшпелілер тарихы. Алматы, 1995. 13-б.
3. Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992.; Левшин А. Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орды и степи. СПб. Ч. I. 1832.
4. Воровьев В. В. Лингвокультурология. М., 1997. С.36-37.
5. Телия В. Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспект. М., 1996. С. 214.
6. Древнетюркский словарь. Л. 1969. С. 262.
7. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы, 1978. 3-б.
8. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы, 1998. 41-б.